


І З Д Е Н І С

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛМ, МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ФЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



П О И С К

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ, КУЛЬТУРЫ И ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ꝝ ꝝ

1998 · 2

ꝝ ꝝ

Ү.УАЙДИН САТИРАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әрбір күбындың деңгээлдердің бойынша “көзге көрінбес” қаралмағандағы тәсілдердің тиражындағы оның мәндеріндең алға койылса, онда сатирикің айы онынан туды, себебі ол обьекттің толы арадастыра отырып, оқиганы бұлдыратын, тәсіл-тәсіл жаңдайданы кайшылықтың бузуга тырысалы. Кайшылықтың түрі оқиганың ету барысы оған белгілі бір жаңдың тандас алуны қажет етеді. Ол жаңдың озі озара байланысты скі функциядан турады. Бірнеші, мазмұнды көркемдеудегі тәсілдердің тұрактылыны, екінші, көркем прозаданы кайшылықтың тууы мен шешілдүнделгі тандасудың критерий мен курамы ретінде. Тандас альянтан жаңуда мазмұн мен форманың бірлікке бірлі болуы керек. Жаңрылқ дәстүрдің сөз тана бұзылуы анындағы образың формасын тана емес, мазмұнды да сұйылтады. Форма мен мазмұнды пародиялау кайшылықтың скі жактылығын корсетеді. Пародиялау - сатирик шығармалардың жаңрылқ срекшелігі, ол ассоциатив жолмен образдар мен оқиганы әрі біркірепін, әрі ажыратынан қасиеті бар. Біркірепін қасиеті - обьекттің көрінісінде, ал ажыратынан қасиеті - күбындысты бағалаушы оқырманнаның түйсінінде.

Казак прозасындағы сатирик образдардың бірсыншасында адамдардың мінез-кукыншығы, едег-даедысындағы кемшишкістер сыйна альянданы. Соны күлкі обьектін еле отырып, одан аулак болуа шакырады. Мессен, сатирик Ү.Уайдиннің “Константин мен келген кемшір” жинағыша енгін “Ауыр состав” әңгімелесі ушінші жақтан конактың альянан айтылады. Әңгімеледе шөвшің басын сыйадырмайтын Дора жән демісін бір ортаңкыдан басыншылқа жасауды шеттіндегі Міфта ағамындын үй шынадегі “қылмыс” баяндалады.

“...Мырыншаш жүріш алмай, тез бол. Бердешшің дүкенін жабынын калмай тұрыл, алым мен соган сок. Тұзлы умынша... жемес: Сорын-ай, айтшаса, іс-сімейсің-ау, шелекін төпші келе койты. Сонын аяға сүнші жайылған тасташы.

Ой, менің темекім таусыншы қалды, дүкенін жабыншай тұрыш барып келді...” [1].

Мыне, бұл үйнелдерден үй-шыншық тиражында шынайын жақтау, еріншік жаңғелерінде сыйна алады. Миғурах ағамыншың мұндағы образының беруден де жазуышы шеберлік байқалады. Ү.Уайдин тұтынушыларында арызкой, маскуным, сұайт, картақумир, жағымша, мактакашшак, сұдыр шошымды толын жаңқаған арсыздар аудыз ежухақаннаны. Сатирик олардың еркайсынша шындаш әдеби қалып жасаған. Эркайсының озінің кім екенин ой-ақ, айтып беріш отырады. Олар іс-арқылымын, сөздерімін, шілдесірімін жүргітти жаңғасидір. Жазуышты өмір шынадын корсетуде, ол геройлардың солдауда көбіне гиперболалага жүтіпдей. Ол шынадының үлкейші арқылы шеттің бір нөрсөн амбыныңрак корсетуге тырысады. Әңгімелерінде отар сложет, ұтынды жеңе тосян тәнсү жиі үшіншідей. Калыншасқан заманы срекшеліктегінде орай Ү.Уайдин сыйқақ әңгімелерінің шапшыл жөнні ескіншің калыңдарын,

жемқорлықты, мансапқорлықты, жиі кездесетін келенсіз жайттарды шенейді. Оның сықақ әңгімелерін оқығанда сің алдымен қарашайымдылық, әркім бойлай бермейтін тереңдік, әркім дөп басып төбесінен түс алмайтын ацы шындық, әркім қонарып таба алмайтын жаңашылдық та бар. Сатиріктің “Тысіз қоңырау” өзіл-сықақтар жинағына синген “Ертеңіне етпетімнен жатыр екем” деген әңгімесі сықақ жазатындардың қай-қайсысы болсын сокпай отпейтін маскунемдік тақырыбына ариалған. Алайда, әңгімені оқығанда әбден шиыры шығып, арқасы жауыр болған нәрсені қайта көргендей болмайсың. Маскунемдіктің адамды соншама сорақы халғе душар ететінін мұлдем басқаша жолмен ашып берген.

У.Уайдин сатира жанрының тақырып шенберін көңейту жолында көп ізденген адам. Ол сатирадагы факт, оқиганы көбіне шындыққа жақыннатып, шынға үқсанып суреттейді. Өмірлік құбылыстарды өзіміз көріп-біліп жүргендей, тұрмыс-тіршіліктегідей етіп елестеді.

“Негатив” повесі тұтас дерлік әлгі шынға үқсану, шындық сияқты етіп көрсету әдісімен жазылған. “Мешітбай Шүренов көкеміздің процесінің басы-қасында болып, тұла бойы көк болат темірден күйылған бүркеулі машинага өз қолымыздан мінгізіп салдық!” -деген сөйлеммен аяқтайды. Осындағы алаяқ антүрганға “Көкс” делініп көпшік қойылып, оны жарылқағандай боп, құрыштан күйылған, тор терезелі машинамен өз қолымыздан аттандырып салдық деу - ацы сарказм. Повесте аттандал тұрган ештепе жок. Күнделікті қызмет бабы, бастық, бастықтың орынбасары және карамағындағылары. Мешітбай Шүренов карамағындағыларды бір-бірімен реті келсе бастықтың өзімен ауыстыруға өзір. Осы іштей тартыстағы арбасулар, отірік анқаусу, қағытпа, шымшымалар, жалиы көлгірсүдің иеше аталары қылт-қылт, бүрк-бүрк етіп сан құбылады. “Көкенің” - тұрлі вариантика салып көлкіддеткен сөздері оның ішек қырындысын айқын таныгады. Сондай-ақ автор қосалқы эпизодтарды негізгі идеяга ың-шыңсыз енгізуге шебер.

“Ойық жара” әңгімесінде аудан орталығындағы училищеде оқитын Дәйду аулына барып келеді. Бармай қалған досы Эйміш одан ауылдың амандығын сұрады. “Құдайдың құрығы ұзын ғой - дейді Дәйду, құран оқығандай қаралы дауыспен”. Сосын Эйміштің әкесін түйе тепкені туралы мағлұмат береді. “Түйенің жап-жаппақ табаны нағашымның сопак бетімен қарама-қарсы кездеседі... Нағашымның добағдай мұрны орынан қозғалып, жайылып-жаппайып, құлақтың ылдынына қарай нетіп кетеді...” [3] - деп біраз суреттеді. У.Уайдиннің сатирайлық поэтикасында созылап суреттегу, мыжтылаң баяндау, зорлап күлдіру тәрізді арзан төсілдерге ол о бастан-ақ бармайды. Оның есесіне оқырманың кейіпкерінің сөз саптауымен, іс-әрекетімен тәнті етеді. Мысалы, әлгі нағашылы-жиенде құрбылардың хал-ахуалына қайта үңілейікші:

“Әйшім көзінے жас алды:

- Сорлы шал-ай, сорлап қала жаздаған екен ғой. Сол борша болғырды баяғыда-ақ етке откіз деп едім, тыңдай ма...- Өзі де сойып, үйді-үйге тобелен сатып жіберіпті,-деді Дәйду.

- Ал агайын не деп жатыр?

- Не десін, категе не шара. Нагашыекемнің түйе тепкен күнгі бетінің сықпты біразының түсіне кіріп, бір жетідей шошып шығыпты!" Мұның алдында Дәйиду. "Медицина әкенің бетін ондалты. Мұрының да бұрынғы орнына әзер деген де итеріп өкеліпті. Қазір үйінде, сөлем айтты..." - деп Эймішті жубатқан.

Осында "мұрының да бұрынғы орнына әзер дегендеге итеріп өкеліпті", "Нагашыекемнің түйе тепкен күнгі бетінің сықпты біразының түсіне кіріп, бір жетідей шошып шығыпты!", [4]- деген сияқты сездер құлқі шақырып, әңгіме оқиғасын ширатып, көркемдік шырай беріп тұрганы анық.

Автор кейіпкерлерінің осындай ойнақы сездерімен онтайлы межелеп, өрнектен отырады да, адамның тірлік - табигатындағы әжуалатуа болмайтын қасиетті сезім өлемін тиексіз тұлмен тұртпектеген парық-сыздықты мыскыл-сықақпен мінеп-шенеңді. Ойсыз, орынсыз, орашолақ сөз шықкан ауызы айық жарага тенеуінде ашы шындық бар.

У.Уайдин кейіпкерлерінің бүкіл бітім-болмысымен сөз-құлқісімен өзінің ғана меншігі болуын қалайды. Бұл "өзімшілдігі" әрбір шығармасынан сезіліп тұрады. "Әжен жақын ба, әйелің жақын ба?" атты әңгімесіндегі Қатиранның күйеуі: "Не түйсінгенін қайдам, екі тындаушым да су ішкен тауыктай төбеге қарап қоймай құледі" деп таңданғыш, ал "Акуланың азу тісіндегі" Түсекен: "Әдетте біз бастық атаулыны айыптағыспыз... жұмыс талап етіп, тәртіп талап етіп кейісе, "Ойбай, аналар қырылтып жатыр!" деп тиражын кебейтіп жібереміз"- деді. Немесе "Тамададағы" ақын жігіт "Мен атым айтылғасын, ақын болмасам да ақынға үксап, сыпайы ғана орнынан тұрып көлемінді көрсеттім" дейді. Әзіл-сықақтың мазмұны мен тіл құнарын үнемі түсіне бағарап отыратын, қымбатты арзанға телімейтін, ғұмырсыз құлқі мен үсқынсыз сөзге үрінбауга тырысатын Уайдин - небір сездерді сәл-пәл өзгеріспен кайталаپ қолданып, соның жәрдемімен үстемелеп құлқі шақыру, құлқі тудыруға шебер.

Адуынды, азұлы обьектіні күйдіре, құлпін көкке үшыра әшкереleйтін сатиралық әңгімелермен қатар, оған іштарта лостық рәушіте, әзіл-оспақпен, шыны-қатжыны аралас, жылы леппен жазылған юморлық әңгімелер болады. Бұлар өзара туыс, үксас. Екеуі де сын мен өзара сынның әдеби формасы, сынап-мінеу құралы. Екеуі де юморлық сезіммен тапқырлықтың жемісі, екеуі де құлқіге иек арталы, құлқінн қуралы етіп пайдаланады.

Сейтсе де екеуі бір нәрсе емес, олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Сатиралық әңгіме қогамдық, алеуметтік мәні зор, күрделі жағымсыз жәйттарға ауыз салса, юморлық әңгіме қогамдық қаупі жок әдст-салт, тұрмыстағы үнамсыз құбылыстарға, адамлардың ісіндегі, мінезіндегі, тәртібіндегі жеке міндерге қарсы бағытталады. Алдыңғысы өзін обьекті еткен жағымсыз болмыс, фактіні, негізінен, түгелдей мансұқ етсе, екіншісі үнамды, жарамды болмыс құбылыс, обьектінің тімсіз, пайдаласыз, колдауға, қостауға болмайтын жактарын іліп-шалып толқек стеді. Сатиралық әңгіме обьектіні әшкерелеуді мақсат етеді, ал юморлық әңгіме идеялы - оны сынап, мінеп, әжұа етіп, түзетіп ширату, жөндеу ету.

Осы екі түрлі міндет, мақсаттан, объектілердің екі қылышынан келіп, олардан авторлық позиция, күлкі көрінісі, ой-пікірді айту, жеткізу құралдары ерекшеленеді. Сатиralық әңгімелерде автор кемшіліктерді құртып, позициясын ұстаپ, бойын ашу-ыза кернең, тепеінсе, юморлық әңгімеде шиырнық атпай, кектенбей жұмсақ-жайдары отырады. Алдыңғысы ызбарлы, кекесінді, зілді құлқіні пайдаланса, соңғысы қайырымды, жарқын, іш тартатын құлқімен көмкерілседі.

Біріншісінде, тақырып, факті, тіл, стилдің сатиralық құралдарымен әңгімеленіп шешіледі.

Екіншісінде, юморлық әдіс-тәсіл құралдарыменен талданады. Асыны әңгімелер мазмұнына, тақырыбына, объектісіне қарап қана сатиralық, юморлық болып бөлінбейді. Ең алдымен, сол мазмұнға, тақырыпқа үйлестіріп алғыдан әлгідей үн-сарынға, формага талдаپ, ондеп, шешіп беруге қолданылған құралдарға қарап бөлінеді.

Юморлық әңгімесіндең көркемдік жинақтаудың ең бір типті әдісі - күлкі объектісінің мәндейнан сипап, еркелете отырып, оны достық рәуіште сынау, риясыз тәлек ету. Осы әдістер қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі шебер пайдаланылған. Мысалы: "Айжарықтың құдайға арыз айтуы", "Айжарық пен құран", "Құдай қандай сараң" сияқты юморлық әңгімелерде адаптация да ақ ниетті адамдардың анқау, аңғалдығы, женсіз сенгіштігі әжуаланады. Ал "Биселер қысыр келмей ме?", "Қиясбектің қиялды", "Қырылғырдың қыздары тігіп берер дермісің?" атты әңгімелерінде жақындықты, бос қиялшылдықты, "Он саусақтан он еді" деген өңгімесінде етірікшілдікті тәлек етеді. Бұлардың бәріндегі күлкі-зілсіз, достық рәуіштегі қүлкі. Қазіргі юморлық әңгімелердегі адамдар басындағы, іс-тіршілігіміздегі қоғамға, елге, жүргік аса зиянсыз мінез-қылыштар туралы жазылады. Сол кемшіліктерді жылы леппенен, іш тартудан туған зілсіз құлқімен жеткізеді. Олар да объектіні тәлек етіп ширатуды, жағымсыз мінен арытуды қөздейді. "Контеинермен келген кемпір" өңгімесінде парықсыздықтың, осы іс-дағының қоғам дамуына, адамдармызыздың өмір тіршілігіне келтірер үлкен кесір-кесапаты жок. Дегенмен ол құттарлық әдет-дағды емес, біздің азаматтарға лайықты емес. Соңдықтан ол сыналуға тиіс. Міне, бұл юморлық әңгімеде, әдетте, адам басында кездесетін, кешіріммен қарауға болатын әлсіздіктер қарт өже арқылы беріледі. Ол әлсіздіктерді автор юмористік көзben көріп, юмористік қураң, әлістермен өңдеген. Соңдықтан да біз әженің хикаяларына іш тарта отырып, қайырыммен күлеміз.

Уайқыннан бір қылыш юморлық әңгімелері өмір мен болмыстың жағымды факті, құбылыстары негізінде, соны мактау, мадактау ниетімен жазылған. Бұл да юморлық әңгіме жанрының озіндік бір белгісі, оның қамту, қарпу сферасының көндігінің бір дәлелі. Мұндай таза жағымды құлкіге құрылған осы автордың "Көзімнен жас шығып кетті" әңгімесін жатқызуға болады.

"...- Құдіреттің маган арнайы жіберген бір соры - үйқым жаман. Бір үйқытасам - өліп үйқытаймын. Осы үйқыдан көрдім көресіні... Біз де бұындары жұмысқа сағат онда келсөн де тіпті келмей қалсанқ да ешкім ештеңе демейтін. Каї пысықтың шығарып жүргенін шайтан білсін,

былтыргы күзден бері қадр боліміндеғілер тексеретін болып алды. Бір күні сағат ондарда шекілдеуік шағып, асықпай, ауанымен келе жатсан қарына қызыл ңұберек байлаған бір пысық менен: “Сіздің фамилияңыз кім болады?” - деп сұрады. Айттым. Сол күні сағат төрттерде еңбек төртібіне байланысты колективтік ашық жиналыс болып, жұмысқа кешігіп келгендерді түргелтіп қойып, ондырмай сойсын, жаңағы.

- Тә - әк, сосын?

- Соңсоң екіншіләй жұмысқа бір минут та кешігіп келмеуге түрегеліп тұрып уәде бердім...” [5].

Мұнда автор өмірде күн сайын кездесіп қалатын келенсіз жайларды әжуда етеді. Аяр күлкіні, кутындауды сүйетін, шындықты айтпайынша, тілі қышып отыра алмайтын, аңқаусып отырып алып үратын бақай құлықтың адамы. Мұның бәрі - табиғат берген мінездік белгілер. Қоң ретте күлкі оның осы мінезінен көрініс табады. Әнгіменің берілу, суреттеу формасы сәтті табылған. Жазушы өз шығармаларына ерекше аттар тауып қоюға тырысты. Аттарының өзі-ақ оқырман назарын бірден тартып алатындағы әсерлі болуын қалады. Ол арқылы әнгіме не жөнінде болатынын және суреттeler оқиганын автордың да көзқарасын, бағасын бере алатындығын байқауға тиісті болады.

Сатирик-жазушылар О.Әубекіров, У.Уайдин, Ф.Қабышев, Б.Қызырбекұлы, Ж.Алтайбаевтар өз шығармаларындағы сатираның образдарда тілдік-стилдік мүмкіндіктерді, кейіпкердің күлкілі ішкі толғанысын беруде тілдік бояуларды барынша молынан пайдаланды. Олар сәтті табылған бір детальмен, штрихпен, өткір сезбен не эпитетпен жағымсыз геройдың табиғатын ашуға тырысады.

Олар бір макаладын, не сырлы құпиялы ирониянын, не әжуда-саққа толы мінездеменің өтे-мөтө тығыздалған яғни қыскарған түрімен-ақ миниатюралы сатирапың әңгімелер жазып тастайтын. Өмірде кездесетін күнделікті жай оқиғалардың өзіне күлкілі рең беріп, небір құйтырқы аттар, фамилиялар арқылы түрлі мінездер тұғызатын. Мәселен, У.Уайдин кейіпкерлерінің аттары - Демби, Лабдой, Укай, Дойдім, Рәпира, Калиян, Ашот, Матищал, Тита, Тамтарам болса, фамилиялары - Калеков, Стыбаев, Аужаев, Симпанский, Снабдинов, Шылков жанама аттары (кличкалары) - Шерміш, Таңтақ, Кортық, Шөлтік, Шарлатан, Шотшеке, Мықыр, Үкісарықызы, Конжық, Қынъыр, Шойнак, Саразбан сиякты аттары арқылы түсініксіз, істері берекетсіз кейіпкерлермен жүздесеміз.

Сатира зерттеушісі Т.Қожекеев У.Уайдиннің шығармаларында кездесетін тек бір ғана үйқының мынадаи түрлерін саралайды: “Катты үйқы, тәтті үйқы, құс үйқы, түс үйқы, дыбысы жоғалып кетіп, еліп қалдыма деғізіп барып табылатын корқынышты үйқы, жүріп кепі, селк етіп оянатын үркіншішті үйқы, өлген адамдай дыбыс шығармайтын үнсіз үйқы, түнімен конак үйлерде “көкпар тарттырып”, күндіз қызметте шатастыратын азап үйқы, түн катып карта ойнап, мәжілісте басты үстелге соккызып күлкіге қалдыратын мазак үйқы, кара бастырып зорға жеткен “свиданиядан” қалдыратын, қыз-келіншектерді тоқсызып зор қылатын арсыз үйқы...” [6].

У.Уайдиннің шеберлігінің бір қыры ретінде оның қала мен даала халқының сөйлеу мөнерін жетік білуін орынды пайдаланында дер едік. Мақалдар мен мәтсілерді, қаламбурды, диалогты, бірінші жақтан бағидау әдістері де жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің қарым-қатынасынан көрінеді және олардың тұрмыстық-олеуметтік жағдайлары мен көңіл-күйлерін анықтайды. У.Уайдиннің творчествосын таразылай келе байқаганымыз, ол жазушы сатирик есебінде томендері әдеби-эстетикалық принциптерге табан тірелді екен:

- күнделікті өмір мен оның шындығын бейнелеуде, нақтылып суреттеуге, ондағы құлқілі жағдайлардың мөнін ашуда сатира мен юмор маңыздылығы;

- комизмнің басты екі бағытын анықтады. Бірі - үнемі юморлық сезіммен бояуга оранған өткір сөздер, екінші - құлқі шақыратын іс құмылдар мен әрекеттер;

- комизм объектісі негізінен тұрмыстық-олеуметтік келесеіздік екені белгілі. Соған сәйкес оның қоғамдық маңыздылығы мени мәнінс қарай құлқі ренқін бағыттау;

- болымсыздық пен кемшилікті сынай отырып, оның жөнделуіне, шындықтың үстемдік алатынына көз жеткізу;

- халықтың түсінүшілігі, шындықты тануы ғана сатира мен юморды әрі қарай дамытуға үдайы мүмкіндік беретіні.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Уайдин У.* Контейнермен келтеп кемпір. Алматы: Жалын, 1979, 34 б.
2. *Уайдин У.* Тысіз конырау. Алматы: Жазуышы, 1980, 5 б.
3. *Уайдин У.* Атын кім, әй?. Алматы: "Қожанасыр" компаниясы, 1995, 48 б.
4. Сонда, 49 б.
5. Күлеміз бе, қайтеміз? (сатирилық әңгімелер жинағы. Құрастырған С.Еркебаев). Алматы: Өнір, 1989, 140-141б.
6. *Уайдин У.* Атын кім, әй? Алматы: "Қожанасыр" компаниясы, 1995, 5 б.